

ӘӨЖ 325.14

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТАҒЫ МИГРАЦИЯЛЫҚ АХУАЛ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Мұратхан Айдана Нұрланқызы

aidanamuratkhan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті, Аймақтану
мамандығының 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Даркенов

Қазіргі таңда миграциялық үрдістер халықаралық қатынастардың ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырылып, жаһандық сипат алуда. Оның негізгі белгісі ретінде бір елдің аумағына екінші бір елге өтуі болып табылады. XX ғасырдан бастап миграция жедел түрде дами бастады және оған себеп болатын бірнеше факторлар қалыптасты: діни, саяси, әлеуметтік пен экономикалық. Қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттер үшін де миграциялық ағын маңызды рөл атқаруда.

Халықаралық көші-қон ұйымы 2020 жылы миграцияның маңызды үрдіс екенін және ол жаһандық деңгейде экономикалық, әлеуметтік, саяси және технологиялық өзгерістерге әсер ететінін атап көрсеткен болатын. 2020 жылдың өзінде мигранттардың саны 281 миллионды құрады, бұл әлем халқының 3,6%.

Еуропалық Одақ қалыптасқаннан кейін одаққа мүше ірі елдерге, соның ішінде Франция, Германия, Италияға келетін мигранттар саны көбейген. Бұл Еуропаның өз алдына даму деңгейін, экономикалық күшін көрсетеді. Адам құқығын басты принципі ретінде бірінші орынға қоятын Еуропалық Одақ үшін мигранттар мен босқындарды қабылдау өте маңызды. Дегенмен де, соңғы жылдары шамадан тыс мигранттар ағыны Одақ елдері мен аймақ үшін бірқатар мәселелер мен миграциялық дағдарыстың тууына алып келген-ді. Еуропалық Одақ құрылған сәттен бастап одаққа сырттан ғана емес мүше мемлекеттердің өз ішінде де көші-қон қарқынды дами бастады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін мигранттардың саны арта бастады. Бұл бірнеше факторлардың нәтижесі болды. Біріншіден, соғыс кезіндегі қоныс аудару және Еуропадағы саяси шекаралардың ауысуынан кейін көптеген адамдар өздерінің ескі немесе жаңа тұрғылықты жерлеріне көшті.

Екіншіден, Батыс Еуропадағы қарқынды экономикалық өсу қолда бар еңбе ресурстары мен жұмыс күшіне қатысты жұмыс орындарының артықшылығын туғызды.

Үшіншіден, Еуропалық қоғамдастық құру туралы шартқа (1957 ж. Рим шарты) қол қою нәтижесінде интеграциялық механизмдер жұмыс істей бастады.

Төртіншіден, көші-қон бір жағынан өркениеттің ілгерілеуімен, ішінара босқын мәртебесін халықаралық ауқымда толық институттандырумен байланысты жаһандық сипатқа ие болды.

Еуропаға қарай қоныс аударғысы келетін әрбір адам экономикалық және әлеуметтік қарқынды дамыған елдерге қарай көшуге тырысады. Ең әуелден бұл әлеуметтік салалардың ұсынатын мүмкіндіктері мен мигранттардың кез-келген жағдайда құқығын қамтамасыз ететін миграциялық саясаттың болуымен байланысты. Көптеген мигранттар таңдайтын елдер Орталық және Солтүстік Еуропа елдері, яғни Германия, Франция, Швеция және бір кездері Ұлыбритания (ЕО құрамынан шыққанға дейін). Ал Оңтүстік Еуропа елдері Греция, Италия, Испания бастапқы қабылдау және транзит елдер болып табылады. Оңтүстік-шығыста орналасқан Венгрия, Словения, Македония сияқты елдер де дәл осындай рөлді атқарады.

Алғашқы жылдары табиғи өсімі төмен Еуропа үшін мигранттардың шексіз ағымы тиімді болып көрінді. Дегенмен де уақыт өте келе бұл жағдай Еуропа елдерінің алаңдаушылығын тудырды. Заңсыз мигранттар ағымы көбейді. Ең алдымен заңсыз жолмен шекараны кесіп өтетіндер Сирия мен Ирактағы соғыстан немесе саяси, діни және этникалық қудалаудан қашып келетіндер. 1951 жылғы Женева конвенциясына сәйкес оларға «босқын» атауы берілді.

Мигранттардың шамадан тыс көп ағымы Еуропа халықтары үшін алаңдаушылық тудырды. Осыған байланысты жаңа фобия – «мигрантофобия» пайда болды. Мигрантофобия, психологтар айтқандай, жергілікті емес халыққа төзімсіздіктің себебі болып табылады және күнделікті экстремизмге әкеледі. Мигрантофобия, тіпті террористтік шабуылдарға да әкелуі мүмкін. Алайда, мигранттардың басым бөлігі қоныс аударатын ЕО-ның ірі елдерін Франция мен Германия мүлдем басқаша көзқарасты ұстанады. Олар үшін мультикультурализмнің элементтері маңызды рөл ойнайды [1, 42 б.].

Еуропалық Одақтағы миграциялық саясат қарқынды дамыған және үнемі трансформациядан өтіп отырады. Бүгінгі таңда ЕО аясында миграциятын реттейтін көптеген құжаттар жүзеге асырылған. Алғашқы кездері шарттарда тек адамдардың еркін қозғалысы жайлы келісімдер қарастырылды. Миграциялық үрдістердің дамуы мен босқындардың санының арутына байланысты заңдар толықтырып отырды. Мысалы, Еуропалық Одақтың жұмыс істеуі туралы шартта ЕО көші-қон саясаты «барлық кезеңде көші-қонды тиімді басқаруды қамтамасыз етуге бағытталған бірыңғай иммиграциялық саясатты әзірлеуді» қарастыратын 79-баппен реттеледі [2, 31 б.].

2015 жылы барлық әлемнің алаңдаушылығын тудырған Еуропадағы миграциялық дағдарыс басталды. Миграция Еуропалық Одақтың күн тәртібінде маңызды мәселеге айналды. күзде басталған миграциялық дағдарыстың себебі Солтүстік Африка, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия елдерінен келген мигранттардың шексіз ағымы және Еуропалық Одақтың оларды қабылдауға аса қатты дайын болмауы. Дәл осы миграциялық дағдарыс Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі ауқымы жағынан үлкен көші-қон үрдісі болды. Ал бұл өз кезегінде саяси және экономикалық салдарға алып келген еді. Тіпті Еуропалық Одақ Комиссиясы бұл дағдарысты одақ тарихындағы ең ірі дағдарыс деп атап көрсетті.

Дағдарысқа алып келген негізгі себептердің бірі 2010 жылы Араб түбегіндегі елдерде болған «араб көктемі» екенін де ескеру қажет. Араб көктемі дегеніміз 2010 жылы 28 желтоқсанда араб елдерінде басталған көтерілістердің революциялық толқыны. Дәл осы оқиғадан кейін қақтығыстардан шаршаған қарапайым халық өзге елдерге қарай көшуге ұмтыла бастады.

Carnegie Еуропа жоғарғы заңгері Пьер Вимон миграциялық дағдарыстың бірінші себебі ретінде дәстүрлі миграцияны атап көрсетеді. Оның пікірінше Африкадан келетін мигранттардың артуына экономикалық қиындықтар әсер еткен және бұл көші-қонның негізгі арнасы италяндық Лампедуза және Сицилия аралдарына және Италияның материктік бөлігіне апаратын орталық жолды ұстанатын Жерорта теңізі болды. Өйткені Африка елдерінен келетін мигранттар үнемі болды және олардың саны бірқалыпты еді. Осы кезеңде Африка елдерінде болып жатқан экономикалық жіне әлеуметтік қиыншылықтар мигранттардың санының артуына алып келді. Екінші себеп, Сирия факторы және саяси дағдарыс. Бұл кездегі ерекше жағдай көктемде пайда болған жаңа толқын. Сонымен қатар, Таяу Шығыс пен Ауғанстандағы азаматтық соғыстан қашқан босқындардың саяси мотиві. Бұдан бөлек, Сирия мен Ирактағы үздіксіз соғыстан шаршаған халықтың өзге елдерге, әсіресе Еуропаға қарай ағылуы. Сирия, Ирак, Ливандағы соғысты ИГИЛ террорлық тобы бақылап отырды және бұл жерлердегі белсенді әскери қақтығыстарға тікелей қатысы болды. Бірқатар осындай факторлардың әсерінен 2015 жылдың өзінде Еуропа аймағына 800 000-нан астам адам келген. Жылдың соңына қарай күніне 6000 астам адам келіп отырды. Түркия, Грекия және Батыс Балқан елдері арқылы Еуропа елдеріне, соның ішінде Германияға, Австрияға және Венгрияға қарай жаңа маршрут қаланды [3, 11-12 бб.].

Миграциялық дағдарыстың келесі себебі ретінде Шенген келісіміне сәйкес мүше мемлекеттер ішіндегі еркін қозғалысты айтуға болады. Өйткені, жоғарыда айтып өйткендей транзит елдерге келген мигранттар келісімді пайдалана отырып дамыған елдерге бара алады. Бұл Шенген аймағында мемлекетаралық қайшылықтарды тудырды және өз кезегінде біршама мәселелерге алып келді.

Нәтижесінде заңсыз мигранттарды келуін байланысты 2015-2020 жылдарға арналған миграциялық саясат қабылданды. Шартқа сәйкес құқық қорғау органдары мен соттың қызметін арттыру және заңсыз миграцияға қарсы шараларды күшейту қарастырылды. Миграциялық саясат 4 бөлімнен тұрды: Полиция және сот әрекеттерін жетілдіру; Ақпараттарды жинау және алмасу әрекеттерін жетілдіру; Контрабанданың алдын-алуды күшейту және әлсіз мигранттарға көмек көрсету; Үшінші елдермен қарым-қатынасты нығайту [4].

Босқындар Еуропа елдеріне 7 маршрут арқылы келе алады. Нақтырақ тоқталатын болсақ:

- Түркиядан Грекия арқылы өтетін Балқан маршруты. Халықаралық миграция ұйымының (ХМҰ) есебі бойынша осы маршрут арқылы 106 766 адам келген.

- Екінші маршрут – Шығыс Жерорта теңізі маршруты. Бұл жолмен Түркия арқылы Грекия, Болгария, Кипр және Еуропаға шыға алады. Көбінде бұл жолды Сирия, Ауғанстан мен Сомалиден келген босқындар пайдаланады. 2015 жылы 885 386 босқын келген.

- Албаниядан Грекияға қарай айналмалы жол. 2015 жылы 8932 адам келді және 2016 жылы жұмысын тоқтатты.

- Батыс Балқан бағытында екі ағын бар. Біріншісі – Батыс Балқан елдерінен (Албания, Босния және Герцеговина, Черногория, Сербия және Македония). Екіншісі - құрлық немесе теңіз болгар-түрік немесе грек-түрік шекарасы арқылы. Бұл бағытты Пәкістан, Ауғанстан, Алжир мигранттары пайдаланады және 2015 жылы 764 038 адам осы жол арқылы келді.

- Келесі маршрут – Орталық Жерорта теңізі – Ливия арқылы Италияға немесе Мальтаға өтеді. Бұл бағытты көбінде Африкалықтар пайдаланады. 2015 жылы бұл маршрутты 153 946 адам пайдаланды.

- Батыс Африка бағыты – Батыс Африка елдерінен Канар аралдарына дейінгі маршрут. Бұл бағытты негізінен Нигер, Нигерия, Мали, Марокко және Сенегал азаматтары пайдаланады. 2015 жылы 874 адам пайдаланды.

- Соңғы бағыт – Батыс Жерорта теңізі жолы. Солтүстік Африкадан Пиреней түбегіне Испанияның Сеута мен Мелилья анклавтары арқылы өтеді [5, 13-15 бб.].

Дәл осы маршруттар арқылы 2015 жылы Еуропаға аумағына шамамен 2 миллионға жуық босқындар мен мигранттар келген. Ал жалпы 2015 жылғы мигранттар 76 миллионды құрайды. 2016 жылы Еуропаға келген мигранттар саны 390 мың адамға дейін қысқарды, 2017 жылы бұл көрсеткіш 186 мың мигрант болды, ал 2018 жылы шамамен 80 мың босқын келген. 2019 жылы қабылданған босқындар саны 2018 жылмен салыстырғанда 10 пайызға азайды, ал босқындардың негізгі саны Грекиядан келген. Осылайша, 2019 жылдың соңына қарай мигранттардың саны 120 мың адамды құрады [6].

2019 жылдың соңында Қытайда бастау алған коронавирустық COVID-19 пандемиясы мигранттар ағынын біршама бәсеңдеткендей болды. 2020 жылы ақпан-наурыз айларында әлем елдерінің барлығында дерлік жарияланған карантин мемлекеттердің дамуына кері әсерін тигізді. Кірістің басты көзі туризм болып табылатын Еуропа елдері үшін пандемияның жағымсыз тұстары айтарлықтар білінді. Дегенмен миграциялық ағын тынышталған болды. Алайда, 2021 жылдың басталуымен миграциялық дағдарыс жаңа сипат ала бастады. 2021 жылы көктемде Еуропада жаңа дүмпу – миграциялық дағдарыс басталды. Оқиғаның бастауы Еуропалық Одақ пен Беларусь шекарасында орын алды. Сирия мен Ауғанстаннан, Африканың кейбір елдерінен келген заңсыз мигранттар мен босқындарды Беларусь үкіметі ашық түрде Польша, Литва және Латвия елдеріне қарай өткізіп жіберді. Бұған себеп 2020 жылы Беларусь Республикасында өткен президенттік сайлаудан кейін Еуроодақпен қарым-қатынасының күрт нашарлап кетуі. Және де дау тудырған сайлаудан кейін ЕО наразылық митингілерін басуға тырысқан жеке тұлғалар мен мемлекеттік ұйымдарға санкция салған болатын. Сонымен қатар, мигранттар санының күрт өсуіне әкелген тағы бір жағдай 2021 жылы тамыз айында «Тәліптердің» Ауғанстан билігін толықтай басып алуы. Ауғанстанда орнаған тұрақсыздықтан кейін қарапайым халық кез-келген жолмен елден қашуға тырысты. Еуропалық Одақтың ірі елдері Германия, Франция және Италия оларды қабылдауға дайын болды және өзге мүше мемлекеттердің басшыларын да қолдауға шақырды. Дегенмен, Беларусь үкіметінің әрекеті жағдайды ушықтырып жіберді. Мемлекет көптеген әлем елдерінің наразылығына тап болды. Еуропада жаңа миграциялық дағдарыс басталды. Еурокомиссияның төрайымы Урсула фон дер Ляйен бұл жағдайды гибридіті шабуыл ретінде жариялады. Ал жаңа өмір бастағысы келетін мигранттар мен босқындар үшін Беларусь шекарасы Литва, Латвия және Польша елдеріне қарай өтетін жаңа маршрут ретінде қаланды. Беларусь шекарасын кесіп өткен жүздеген адам Польша арқылы күн сайын заңсыз жолмен Германияға келіп жатты. Берлин мен Варшава жағдайды үнемі бақылауда ұстауға тырысты. Өз шекарасын қорғау үшін Польша ондағы әскерилердің санын арттырды.

Жаңа миграциялық жоспар қабылданды және ол 2021-2025 жылдарға арналды. Ол келесідей нақты бағыттарды қамтыды:

- серіктес елдермен және халықаралық ұйымдармен, оның ішінде контрабандаға қарсы жедел серіктестік шеңберінде кеңейтілген ынтымақтастық;
- заңнамалық базаны жүзеге асыру және ЕО аумағында және одан тыс жерде жұмыс істейтін контрабандашыларға қарсы санкцияларды қолдану;
- эксплуатацияның алдын алу және мигранттарды қорғауды қамтамасыз ету;

- ынтымақтастықты нығайту және жаңа сын-қатерлерге жауап беруде құқық қорғау және сот органдарының жұмысын қолдау;
- контрабандашылардың жұмысын ұйымдастыру мен әдістері туралы білімдерін арттыру [7].

Қазіргі Украина мен Ресейдің арасында болып жатқан даулы қақтығыс жаңа мигранттардың ағынын туғызды. ЕО елдерінің ішкі істер министрлерінің Брюссельдегі жиынында ЕО Ішкі істер бойынша комиссары Ильва Йоханссон «Еуропалық Одақ мигранттарды қабылдауға дайын екенін және шамамен миллионға жуық мигранттар ағымы күтілетінін» хабарлады. Ресей алғашқы әскери шабуылдарды бастағаннан соң 4 күннен кейін Польша жеріне қарай 200 мыңға жуық мигранттар шыққан. Олардың басым көпшілігі әйелдер, балалар және егде жастағы ер кісілер. Көптеген украин халқы Польша, Словакия, Венгрия және Румыния мемлекеттеріне баруға ұмтылуда. Ал Украина арқылы ЕО елдеріне өткізі келген Африкалық босқындар Польша шекарасында мәселелерге тап болды. ЕО алғаш рет босқындардың тұру мәртебесін бюрократиялық емес түрде ұзарту үшін «уақытша жаппай қорғау» заңын қолданады. Яғни, биометриялық төлқұжаты бар украин халқы ЕО аумағында 90 күнге дейін визасыз бола алады [8].

Бірінші сценарий – мигранттарды қабылдауды жалғастыру. Адам құқықтары мен демократиялық принциптерді ескере отырып қазіргі жағдайды сақтауға тырысу. Яғни, келіп жатқан мигранттарды Еуропа елдері арасында бөлу және оларды баспанамен қамтамасыз ету. Сонымен қатар, еуропалық қоғамға сіңісіп кетулері үшін толық жағдай жасау. Мысалы, тіл үйрету, жұмыспен қамтамасыз ету, арнайы жәрдемақы, мәдени ерекшеліктерін ескеру, т.б. Еуропалықтар мигранттарды толықтай қабылдай отырып, мәдениет пен қоғамды әрі қарай дамытады. Еуропада бірнеше мәдениеттер қатар өмір сүре береді. Бұл дегеніміз, мультикультурализмді қайтадан дамыту. Дегенмен, 2010-2011 жылдары ЕО лидерлері жариялағандай мультикультурализмнің күйреуі екінші рет орын алуы мүмкін. Яғни, Еуропа халықтары мен мигранттардың арасында қақтығыс пайда болады, мысалы діни, ұлтаралық, әлеуметтік, т.б. Сонымен қатар, бұл жағдай халықаралық қатынастарға да тиісінше әсер етеді (терроризм қаупінің өршуі, ұлттар арасындағы мәдени қақтығыс, қылмыстың артуы). Яғни, бұл сценарийдің 2 түрлі аяқталуы мүмкін.

Екінші сценарий – Африка мен Таяу Шығыс мәселелеріне араласу. Нақтырақ айтатын болсақ, Еуропаның мәселелерді шешуге әскери емес араласуы. Екі жақты келіссөздер жүргізе отырып мүмкін болатын ынтымақтастыққа қол жеткізу (мысалы, Солтүстік және Орталық Африкадағы экономикалық-әлеуметтік мәселерді шешу үшін қаржы бөлу). Осы арқылы мигранттар мен босқындар ағымының бәсеңдеуіне қол жеткізу, шектеу қою.

Үшінші сценарий – Дублин регламентін қайтадан қарастыру. Осыған сәйкес, жаңа реформалар мен стратегияларды қабылдау. Мысалы, Еуропа елдеріне келетін мигранттар мен босқындарға арнайы талаптардың қойылуы. Еуропа елдерінің өз шекарасын қорғауға рұқсат беру және әскери бақылауды күшейту. Заңсыз жолмен келетін мигранттар мен босқындардың келуіне шектеу қою (соның ішінде контрабанда арқылы).

Еуропалық Одақ соңғы жылдары миграция аясында мәселелермен қарқынды күресіп келеді. Мемлекеттер миграциялық саясатты реттеу үшін барлық шараларды қолданып жатыр. Бірақ, жаңа миграциялық дағдарыс кезеңінде ЕО та жаңа іс-шараларды қабылдауға көшуі керек. Кейбір мүше мемлекеттерде шекаралық тексерулер қатаң жүргізіліп бастады. ЕО жаңа мигранттардың ағынына толықтай дайын емес, дегенмен оларды қабылдауға және жаңа заңнамаларды жасауға келіседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Атнашев В.Р. Проблемы формирования толерантности в Европе: международно-правовой аспект. Управленческое Консультирование. №6 (78), 2015. – 229 с.
2. Consolidated version of the treaty on the functioning of the European Union. Official Journal of the European Union. 26.10.2012. 326 pp. URL: <https://eur-lex.europa.eu/LexUriServ/LexUriServ.do?uri=CELEX:12012E/TXT:en:PDF> (қаралған күні: 05.03.2022)
3. Pierre Vimont. Migration in Europe. Bridging the Solidarity Gap. Carnegie Europe. – September 2016. – 38 p.
4. EU Action Plan against migrant smuggling (2015-2020). – 11 p. URL: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/PDF/?uri=CELEX:52015DC0285&from=EN> (қаралған күні: 08.03.2022)
5. Миграционный кризис в Европе / под ред. А. П. Кошкина. – Выпуск 6. – Москва: ФГБОУ ВО «РЭУ им. Г. В. Плеханова», 2016. – 92 с.
6. Mikhaleva M.P. Policy analysis: migration crisis. «Молодой учёный» международный научный журнал. – №22 (312) / 2022. – 214-217 с. (249 с.)
7. A renewed EU action plan against migrant smuggling (2021-2025). Brussels, 29.09.2021. – 30 p.
8. EU will unbegrenzt Ukraine-Flüchtlinge aufnehmen. Deutsche Welle. 27.02.2022. URL: <https://p.dw.com/p/47gjJ> (қаралған күні: 10.03.2022)